

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ МҰҚИАТ ҚАДАҒАЛАУДЫ ТАПСЫРДЫ

ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев Үкімет отырысы барысында мемлекеттік қаражатты тиімді игеруді тапсырды. Еске салсақ, алдында Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен Қазақстан Үкіметінің кеңейтілген отырысы өтті, оның барысында ҚР Президентінің Жолдауын орындау бойынша министрлер кабинетінің алдына бірқатар нақты міндеттер қойылған болатын. ҚР Премьер-министрі бюджет қаражатын үнемді пайдалану мәселесінде шығындарды сапалы және бірқалыпты жоспарлау қажет екенін атап өтті. Осыған байланысты Қаржы министрлігіне мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің жоспарларын бекіту кезінде қатаң позиция ұстану қажет. «Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша аз игерген жағдайда бюджет қаражатын басқа мақсаттарға қайта бөлу туралы мәселені алға қойған жөн. Игеру үшін тиімсіз игеруге жол бермеуіміз керек», - деді Б.Сағынтаев.



МАЛАЙЗИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ЭКСПО КӨРМЕСІНЕ КЕЛЕДІ

ЭКСПО ұйымдастырушылар кеңесінде «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Малайзия ұлттық секциясының комиссары Доктор Зайини Бин Уджан-гамен кездесті.

Кездесу барысында «ЭКСПО-2017» көрмесіне дайындық барысы, техникалық мәселелер талқыланды. Ұлттық компания басшысы бүгінгі таңда халықаралық тақырыптық павильондарының құрылысы аяқталып, көрме қатысушыларына павильондарды табыстау әрі оларды мазмұндық толтыру процестерінің белсенді жүргізіліп жатқандығын айтты. Өз кезегінде Доктор Зайини Бин Уджанг ұсынылған павильон және осындай деңгейдегі халықаралық шараға қатысу мүмкіндігі үшін алғысын білдірді. «Біздің қатысуымыз тек ұлттық павильон төңірегінде ғана болмаса дейміз. «ЭКСПО-2017» көрмесі аясында үш мыңнан астам мәдени, тақырыптық іс-шаралар өткізіледі. Біздің секциямыздың

мақсаты – баламалы энергия көздерін пайдалану бойынша көрме аясында ұйымдастырылатын конференция, «дөңгелек үстел», форумдар жұмысына қатысу», – деді малайзиялық павильон комиссары.

Сондай-ақ, Бин Уджанг мырза «ЭКСПО-2017» көрмесінің өткізілу кезеңінде Қазақстанның астанасына Малайзия премьер-министрі Набхит Тун Ризак келетіндігін жеткізді. Кездесу соңында А.Есімов «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысуы барысында малайзиялықтарға барынша қолдау білдіретіндігін айтты. Содан кейін Малайзия ұлттық павильонының табыстауы жөнінде құжаттарға қол қойылды. Бүгінгі таңда «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысатындығын 112 мемлекет пен 18 халықаралық ұйым растады.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІ

«Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 190 Жарлығына сәйкес, облыс әкімі Қ.Е. Көшербаевтың 2017 жылғы 15 ақпан сағат 11.00-де Н.Бексжанов атындағы драма театры халық алдындағы есепті кездесуді өтеді. Есепті кездесуге байланысты халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жөшіктер төмендегі мекен-жайларда орнатылған.

Арал ауданы бойынша: Аудан әкімі аппараты мен Арал қаласы әкімі аппаратының ғимараттары.

Қазалы ауданы бойынша: Ойбекке би кенті мен Қазалы қаласы әкімі аппаратының, «Қазпочта» АҚ аудандық бөлімшесі, Халыққа қызмет көрсету орталығы, теміржол вокзалы ғимараттары.

Қармақшы ауданы бойынша: Жосалы кенті әкімінің аппараты, теміржол вокзалы, «Халық банкі» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпочта» АҚ аудандық бөлімшесі ғимараттары.

Жалағаш ауданы бойынша: Аудан әкімінің аппа-

раты, аудандық мәдениет үйі, Халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттары.

Сырдария ауданы бойынша: Тереңөзек кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық орталық аурухана, Сырдария аграрлық-техникалық колледжі ғимараттары.

Шіелі ауданы бойынша: Халыққа қызмет көрсету орталығы, «Халық банкі» АҚ аудандық бөлімшесі, мемлекеттік кірістер басқармасы, теміржол вокзалы ғимараттары.

Жаңакорған ауданы бойынша: Жаңакорған кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттары.

Қызылорда қаласы бойынша: Теміржол вокзалы, автовокзал, әуежай, М.Ерпалыева атындағы мәдениет үйі, «Жайна», «Айтбек», «Универсам», «SMALL», «Сырдария» сауда үйлері, «Жаңа базар» базары ғимараттары.

Ескертпе: Барлық аудандарда және Қызылорда қаласындағы ауылдық округтер мен кенттердегі әкімдердің аппаратында халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жөшіктер орналасқан.

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТОР ШИЕЛІДЕ

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өткен жылдың желтоқсан айының соңындағы Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Роухани арасындағы келісімінің нәтижесінде әріптестік және достастық тұрғысындағы жылы қарым-қатынас Сыр өңіріне де шарап-тын тигізе бастады.

Жоғарыда аталған келісім барысында екі елдің басшысы жалпы құны 1 млрд доллар болатын коммерциялық келісімдерді одан әрі нығайту, жобалардың іске асырылу барысын тиянақтаған болатын-ды. Осы уағдаластық аясында аптаның бейсенбі күні Иран Ислам елінен келген делегация Шіелі ауданында болып, аудан әкімдігінің мәжіліс залында қасиби іскерлік тұрғысында әңгіме өрбітті.

Шіелі ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаев Қызылорда облысының ең шұрайлы өлкесі – Шіелі ауданының экономикалық және әлеуметтік жағдайымен таныстырудан бастады. Осы ауданнан кезінде 41 Еңбек Ері шыққандығын тілге тиек еткен ол өткен жыл қорытындысымен облыста чемпион болғандығын еске салып, одан кейін бірлесе жұмыс істеуге шақырды. Ирандық делегацияға аймақта егін және мал шаруашылығын өрістетуге болатын 4 жер учаскесін ұсына алатындығын мәлім етті. «Жалпы көлемі 10 мың гектардан астам құнарлы жер бөлігі аталған шаруашылықтарды дамытуға аса қолайлы. Және де келісімге келген жағдайда жергілікті атқарушы орын тарапынан қолдан келгенше алғашқы көмек те беріледі», – деді Қайратбек Сәрсенбаев өз сөзінде.

Ирандық делегация басшысы, Мазендеран провинциясы губернаторының саяси, қауіпсіздік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Алиреза Юнеси бұл құрамда мемлекеттік және жеке сектор өкілдерінің бар екендігін айта отырып, 75 млн халық бар Иран Ислам Республикасының Қазақстанмен қарым-қатынасы кеше-бүгіннен емес, бұрыннан қалыптасқан дәстүр екендігін атап көрсетті. Ал Мазендеран провинциясы ауыл шаруашылығы дақылдарымен қатар, күс және мал еті өнімдерімен қадамасыз етіп отырған аймақ екендігін еске салып, бұл салада айтарлықтай табыстарға жетіп жүргендігін айтты. Сондықтан аудан әкіміне нақты ұсыныспен шығып, оны арнайы мамандардың қатысуымен талқылау қажеттігін ортаға салды.

Шетелдік инвесторлармен бірлесе жұмыс атқаруға деген ұмтылыстың өзі Елбасының биылғы Жолдауында атап көрсетілген жанаша жаңғырудың белгісі екендігі ақиқат.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шіелі ауданы.

ТҚШ: ЖАҢҒЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Өткен аптада «Достық үйінде» тұрғын үй коммуналдық шаруашылық тақырыбына арналған қоғамдық тыңдау өтті. Жиынды облыстық масихат хатшысы Наурызбай Байқадамов жүргізін, басқосудың маңыздылығына тоқталды. Мұнан соң облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов тұрғын үйлерді жаңғырту және апатты жағдайдағы үйлер мен пәтер иелері кооперативтерінің қызметін жетілдіру мәселелері жайында баяндама жасады. Аймақта 32 көпқабатты тұрғын үй апатты жағдайда. Оңирдегі тозығы жеткен көпқабатты үйлердің көпшілігі «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту» бағдарламасы негізінде жөндеуден өтуде. Оның өзіндік тәртібі де бар. Ең алды-

мен тұрғындардың келісімі болуы керек. Содан кейін баспананың нақты қай жері жөнделетіні анықталады. Ал, бізде керісінше, жұмыс біткен соң шағым көбейіп, тіпті қаржысын төлемеймін деушілер шығады. Серік Сүлейменовтің айтуынша, қаржыны қайтару бойынша аймақ республикада да соңғы орында. Осындай келенсіздік бағдарламаны жүзеге асыруға кері әсерін тигізуде.

Апатты жағдайда деп тіркелген 32 көпқабатты үйдің 30-ы қала төңірегінде, екеуі Тереңөзек пен Арал аудандарында. Бүгінде пәтер иелері кооперативтерінің жұмысына көңіл толатын тұрғындар кездестіру қиын. Барлығының айтатыны, «ақшаны алады, жұмыс жасамайды!» Осы орайда су мен қысқа толған орындарды мысалға келтіруге болады.

– Біз мәселенің бар екенін

Қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесін көтеру және халық алдында есеп беретін мемлекет қалыптастыру жөніндегі саясатты жүзеге асыру мақсатында тұрғындарды жеке мәселелерін қабылдау шаралары ұйымдастырылған болатын. Осыған орай Достық үйінде облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов өңір тұрғындарын қабылдады. Қабылдау барысында Серік Салауатұлы ауыл шаруашылығы мақсатындағы және тұрғын үй құрылысы салуға арналған жер бөлу мәселелері төңірегінде тұрғындардың сауалдарына жауап берді.

Аймақ тұрғындарымен кездескен С.Қожаниязов алдымен Елбасының кезекті Жолдауының маңыздылығына тоқталып, Президент тапсырмасы бойынша елімізде алдағы 15 жылда 1,5 млн отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету міндеті жүзеге келтірінін жеткізді. Сондай-ақ ол аталған тапсырма бойынша аймағымызда да тиісті жұмыстар атқарылатынын атап өтті. Мұнан соң тұрғындар тарапынан бірқатар сауалдар жолданып, облыс әкімінің орынбасары көтерілген мәселелер алдағы уақытта рет-ретімен өз шешімін табатынын жеткізді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

АҚПАН
СЕЙСЕНБІ

2017 жыл
№20 (19306)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



ТҰТЫНУШЫСЫН ТАПҚАН КӘСІПОРЫН

Аймақта нарықтық индустрияда өзіндік бренд қалыптастыра бастаған «NP Consulting» атты кәсіпорын бар. Құрылысшылар, мұнайшылар мен түрлі өндіріс орындарының мамандарына арналған қауіпсіздік қаскасын шығарып келе жатқан кәсіпорын енді диспенсерлік су құттысының қалпақшаларын өндіруде. Белгілі бір сегментті қолға алуды қалайтын кәсіпорын жетекшісі Ғалым Пірекешовтің батыл шешімі өңірдегі бизнес индустрияға өзіндік серпін берді.

Күнделікті тұтынып жүрген диспенсердегі таза ауыз суға сұраныс көп. Аймағымызда осындай су шығаратын 5 кәсіпорын бар екен. Осы кәсіпорындардың сұранысын қанағаттандыру мақсатында кәсіпкер жан-жақты зерттей келе құты қапқағын шығаруды қолға алды.

«Біз қалпақшаларды өндіру барысында инновациялық жаңалық енгізіп отырмыз. Яғни, қазіргі қолданыстағы қалпақшалардың ішкі ернеуі бір қатпар болса, біздің қалпақшада екеу. Бұл қатпарлар судың тамшылап төгілмеуіне бөгесу болады. Екінші жаңалығымыз, қапқақ астында диспенсерге кигізілетін арнайы құтышасы бар. Ол бөлек жасалынып, қапқақ астына кигізіледі. Оны қолмен орнатады. Бұл дегеніміз, қосымша жұмыс әрі су тиегін болғасын гигиенаға да кері әсер етуі мүмкін, – дейді жас кәсіпкер Ғалым.

Таза су өндіретін компаниялар құты қалпақшаларын негізінен Алматы қаласынан алдырады екен. Бір реттік пайдалануға арналған бұл қалпақшаны елімізде үш бірдей кәсіпорын өндіреді. Енді сұранысқа ие құты қалпақшасын жергілікті кәсіпкеріміздің қолға алуы өзгелерге үлгі боларлық.



Құты қалпақшасында халықаралық сапа белгісі бар. Кәсіпорын Кеден Олағында өз өнімдерін кедергісіз сата алады.

Құрылғанына екі жарым жылдай уақыт болған «NP Consulting» компаниясы алғашында қауіпсіздік қаскаларын шығарумен елімізге танымал болды. Отандық бренд қалыптастырып, кәсіпорын өндірген қаскалар өндіріс орындарының бағасын алып үлгерді. Бүгіндері небәрі аз ғана уақытта аймағымызда емес, бүкіл Қазақстанға өнімін таратып отыр. Шағын зауыттан шыққан өнімдерді еліміздің ең ірі кәсіпорындары тұтынады. Олардың

қатарында «Торғай-Петролеум» АҚ, республикада «Манғыстау Мұнайгаз», «Ембі мұнайгаз», «Алатау» жарық компаниясы, «ҚазТрансОйл», «ҚазАтомПром», «Транс-Телеком» сынды ірілі-ұсақты 20-дан астам кәсіпорын пайдаланады.

Жоба демекші, Ғалым жуырда тігін цехы ашылғанын айтты. Облыста жеңіл өнеркәсіпті дамытуды көздейтін бұл жоба, болашақта киімдер тігуді қолға алмақшы. Ал бүгінде аталған цехта сыртқы арнайы киімдер, құлақшындар мен қолғаптар тігіліп жатыр екен. Және қасқа астынан киетін қапқақ өндірісін де іске қосқан.

Кәсіпорынның жеткен жетістігін жіпке тітсең, жетерлік. Былтыр «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен өткен аймақтық көрмеде жүлделі II орынды иеленіп, Астана қаласындағы көрмеге арнайы шақырту алған. Еліміздің түкпір-түкпірінен 240-тан астам кәсіпорынның өнімі қойылған көрмеде компания өндірген қаскалардың болуы да көңіл қуантады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

“ШҰҒЫЛА” ШАҒЫН АУДАНЫНДАҒЫ

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ

Облыс орталығындағы «Шұғыла» шағын ауданы, 3.Шүкіров көшесіндегі «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы бойынша салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің бірі жерүсті негізгі конструкциясы құйылып жатқанда 2015 жылғы 24 наурызда келенсіз жағдайлардың орын алуына байланысты құлаған болатын.

Қазіргі таңда аталған жағдай бойынша халық арасында түрлі пікірлер айтылып, түсініспеушілік туындауда. Осыған орай облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы төмендегіні хабарлайды:

Конструкцияның құлау себебін анықтау үшін ҚР Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті арнайы жұмысшы топ құрып, тиісті зерттеу жұмыстары жүргізді. Нәтижесінде, тапсырыс беруші техникалық қадағалау, жобалау ұйымы, авторлық қадағалау, сарапшылар өз міндеттемелерінің тиісті деңгейде орындалмауы және бас мердігер тарапынан ішкі операциялық бақылаудың болмауы, сондай-ақ мердігерлік ұйымы персоналдарының кәсіби біліктілігі төмен болуы ғимараттың құлауына себеп болғандығы анықталды. Осыған байланысты, құрылыс жұмыстары тоқтатылып, бірқатар мүдделі құрылыс мекемелеріне тиісті нұсқамалар берілді. Оның ішінде облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына кемшіліктерге жол берген объектінің бас жобалаушысына, қосалқы мердігерге, техникалық қадағалаушыларға, «Мемсараптама» РМҚ сарапшысына әкімшілік жазалау шараларын қабылдау жөнінде ұсыныс берілді.

Осының негізінде, басқарма көрсетілген субъектілерге әкімшілік

айыппұлдар салды. Сонымен қатар, басқарманың дербес жүргізілген тексеру нәтижесімен нысанның бас мердігеріне де әкімшілік айыппұл салынды. Дегенмен, техникалық қадағалаушыға қатысты қылмыстық іс қозғалуына байланысты қылмыстық қудалау органдарының ұсынысымен әкімшілік іс тоқтатылып, олар әкімшілік жауаптылықтан босатылды.

Қазіргі таңда, мердігер «Дәнекер ҚК» ЖШС, инвестор «Береке КЗ» ЖШС және «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ арасында жасалған ұшжақты келісім шарт негізінде Қызылорда қаласы, Шүкіров көшесінің бойында орналасқан 35 пәтерлі 5 қабатты алты тұрғын үйді 872 млн теңгеге «Береке КЗ» ЖШС сатып алды. Бұл соманың ішіне: үйден бөлек жер телімінің құны, сараптаманың оң қорытындысымен қоса жоба-сметалық құжаттама құны, техникалық және авторлық қадағалаушыларға кеткен шығындар кіреді.

Бүгінгі таңда, «Береке КЗ» ЖШС 624 млн теңгесін төлеген (келісім-шарт талаптары бойынша желтоқсан және қаңтар айларына бірінші транш – 500,0 млн теңге және 124,0 млн теңге), қалған 248 млн теңге төлеу кестесіне сәйкес 62 млн-нан 4 айда төленетін болады.

Қазіргі кезде аталған үйлерге екіжақты алыс-беріс рәсімдері жүргізілуде. Алдағы уақытта нысандарға қайта техникалық зерттеу жұмыстары жүргізіп, конструкцияларын күшейту жөнінде жаңа жоба дайындап, сараптамадан өткізу жоспарланады. Көрсетілген жұмыстарды аяқтау 2017 жылдың мамыр-маусым айларына көзделген.

Бас мердігердің мәліметі бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары биылғы жылдың маусым-шілде айларында басталады.



БАСҚАРМА ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ



Өткен аптада облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасында алқа мәжілісі болып өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов қатысты. Кеңейтілген алқа мәжілісінде өткен жыл қорытындыланып, биылғы жылғы атқарылатын жұмыстар сараланды.

Алқа мәжілісіне қалалық, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары мен қалалық, аудандық мәдениет үйлері, кітапхана, музей және архив басшылары қатысты. Жиында басқарма басшысы Ержан Әбдірахманов аймақтағы мәдениет, өнер және архив мекемелері мен кәсіпорындарының былтырғы жылы атқарған жұмысының қорытындысы және осы жылғы міндеттері туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімшінің басшысы Райхан Әбдигенова, облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшысы Бахытқұл Бекмамбет, облыстық мемлекеттік архивінің басшысы Нағима Қуанышбаева 2016 жылы атқарған жұмыстары туралы есеп берді.

Алқа мәжілісін қорытқан облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов Елбасының Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын міндеттер мен оларды жүзеге асыру мәселелері туралы баяндап, мәдениет, өнер және архив саласындағы халыққа қызмет көрсетуді жақсартуды тапсырды.

Жиын соңында аймақтың мәдениеті, өнері мен архив саласының дамуына қосқан үлестері үшін біріктар сала қызметкерлері облыс әкімі және басқарма басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАТЫЛ ҚАДАМЫ

Өткен аптада Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Шиелі және Жаңақорған аудандарында болып, Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауын түсіндіру бойынша идеологиялық актив кезесуін өткізді. Топ құрамында халық қалаулары Майра Айсина, Мансұрхан Махамбетов, Асылбек Смағұлов, Наталья Жұмаділдаева және Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерғалиев болды.

Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар, діни бірлестіктер, шаруа қожалықтары басшылары, білім, денсаулық саласы және құқық қорғау саласының қызметкерлері, БАҚ өкілдері мен аудан тұрғындары қатысты.

Кезесу отырыстарын аудан әкімдері Қ.Сәрсенбаев пен Ғалым Өміреев ашып, жүргізіп отырды. Күн тәртібіне қойылған Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтар күні бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауынан туындайтын міндеттер түсіндірілді. Хабарлама жасаушылар мен шығып сөйлеушілердің пікірлері бір арнада тоғысып, Елбасының кәзіргі кезде әлемде болып жатқан саяси оқиғалар мен дағдарысты алдын алу үшін осындай қадамға барып отырғанын айтты. Сондай-ақ, Жолдауда белгіленген басымдықтарға тоқталып, маңыздылығын атап өтті.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі, Жаңақорған аудандары.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Елбасы кезекті Жолдауында Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор екендігін айтып өтті. «Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз», – деді ел Президенті. Және бұл биіктікті бағындыру үшін атқарылу ауқымды жұмыстардың бағытын айқындап берді. Солардың қатарында алдағы бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау міндеті тұр.

Сыр өңірі халқы Елбасы айқындаған нақты қадамдарды толыққанды жүзеге асыруға қол жеткізеді деп сенемін. Аймақтың бүгінгі даму динамикасы, тың бастамалар мен жобалар бұл сөзімді айғақтай түседі. Ақ маржанды аялаған Сыр дикандары соңғы жыл-



жасау міндеті

дары рекордтық өнімдерді бағындырып, Елбасының алғысына, құттықтауына ие болып келеді. Алдағы уақытта Сыр топырағындағы суармалы егістіктер көлемі ұлғайып, алар асуларымыз одан әрі биіктей береді деп сенеміз. Өйткені, Елбасы дәстүрлі Жолдауында суармалы егістік алаңын 5 жыл ішінде 40 пайызға кеңейтіп, 2 миллион гектарға жеткізу қажеттігін айтты. Бұл мақсат шеңберінде Сыр елінде де көптеген жұмыс атқарылатынына сенемін.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы аграрлық ғылыми зерттеулерге салынатын инвестиция көлемін арттыру керектігіне баса мән берді. Бұл – агроөнеркәсіптің келешегін кемелдендіруге төте жол. Сондай-ақ, агроөнеркәсіп өнімдерінің экспорттық әлеуетін көтеруге серпін беретін сөзсіз.

Бағдаулет МАҚАШЕВ,
«Жап-Арай-Жем» ЖШС директоры.

ЕЛДІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС – ӘРБІР АЗАМАТҚА ПАРЫЗ

Елбасының жыл сайынғы Жолдауы мен халыққа Үндеу тастауы Қазақстанның бұлжымас дәстүріне айналды. Қазақстан қоғамы жылда Мемлекет басшысының Жолдауынан жаңалық күтіп, алдағы өмір тұғырының тиянақтала түскендігін қалайды. Ал ондай маңызды мәселелерді Нұрсұлтан Әбішұлы кеңінен қамтиды және олардың орындалу жолдарын да нұсқайды. Бұл қағаз жүзіндегі Жолдау ғана емес, қазақстандықтардың болашаққа деген жарқын жолы екендігі ақиқат.

Бұл Жолдауда Елбасы еліміздің екі жаңғыру кезеңінен өтіп, үшінші жаңғыруы жаһандық бәсекеге қабілеттілік тұрғысында алдағы жаңғыртуардың жалғасы әрі перспективалық дамуы деп қабылдайтынын атап көрсетті.

Үшінші жаңғыру – бұл мемлекетіміздің өсуі мен әлемнің ең дамыған 30 мемлекеттің



мен қоғамдық ұйымдар елдің ауызбірлігімен бірлесіп жұмыс істеуіне мұрындық болып, Елбасы реформаларының маңызын түсіндіре түскені керек. Біз, аудандық мәслихат аппараты, осы мәселелерге барынша ден қойып, жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз.

Ерғали ІПІЯСОВ,
Жаңақорған аудандық мәслихат хатшысы.

қатарына қарқынды енуі үшін болашаққа бастайтын сенімді көпір.

Ал, Жолдауда сол үшін қандай іс-шаралар атқарылуы қажет екендігін және маңызды мәселе – ол жалпы Қазақстанның, оның ішінде әр азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету екендігі айқын көрсетіліп отыр. Тек қауіпсіз мемлекет ғана алға қойылған реформаларды жүзеге асыра алатыны белгілі. Осы орайда жергілікті жердегі атқарушы орындар мен халық қалаушылары, ардагерлер кеңесі

САЯСИ РЕФОРМА



Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық мәслихат депутаты, Қызылорда қоғамдық теле-радиокommаниясының құрылтайшысы Шәкізат Әбдікәрімов билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерін қайта құру мәселелері жөніндегі Үндеуіне пікір қосып, баспасөз-конференциясын өткізді.

– Бүгінде Мемлекет басшысының Үндеуі бұқаралық ақпарат құралдарында, қоғамдық ұйымдарда талқыланып жатыр. Осы Үндеуге өз пікірімді қоспа бұрын, жуырда Елбасы Жолдауындағы алғашқы сөйлемімен бастағым келіп отыр. Онда ол «Мен

қазақстандықтарға жаңа дәуір қарсаңындағы сөзімді арнап отырмын» деді. Шынын айтқанда, Тәуелсіздік алғанмызға 25 жыл болса, тағы да бір ширек ғасырдағы дәуірдің басталғанын айтудың өзі, келешімімізге қажетті үлкен реформаны мензеп тұрғанын білуге болады. Ширек ғасырда еліміз жақсы деңгейге жетті. Өздеріңізге белгілі, әлемнің дамыған елдеріндегі билік тармақтарының бөлінісі біртіндеп жүзеге асып, сол бағытта жұмыс істеп жатыр. Елбасы бір сөзінде «Қазақстанның саяси қажеттіліктеріне сүйене отырып, осы модельге кіріміз керек» деген болатын. Осындай бөліністі бастан кешіру үшін бізге ең алдымен елде әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық болу керек. Халықтың саяси-әлеуметтік белсенділігі нығаюы тиіс. Себебі биліктің бөлінісі – үлкен саяси реформа, – деді ол.

Сонан соң Шәкізат Әбдікәрімов Елбасының Жолдауына тоқталып, әрбір тармақтарының маңызы туралы айтып берді. Сонымен қатар Жолдауда бір ғана жылдағы атқарылған жұмыспен тоқталмағанын атап өтті.

Шынар БЕКБАН.

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Ел Президенті Н.Назарбаев жуырда республика халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын арнады. Бұл тарихи маңызды құжат елдің даму жолын бағдарлап, алдағы мақсатын айқындай түсті.

Мемлекет басшысы осы орайда екі жаңғыру кезеңінің сәтті өткенін баяндап, келесі жаңғыру арқылы үлкен жетістіктер күтіп тұрғанын мензеді. Тәуелсіздіктің қысқа мерзіміндегі айтарлықтай нәтижелі өзгерістерге зер салып қарасақ, басқа мемлекеттермен салыстырғанда едәуір қарқынды дамуы көрнекті. Атап айтқанда, Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесін, Бүкіләлемдік «Универсиада-2017» ойындарын өткізу мәртебесі қазақ еліне бұйырды.

Ендігі кезекте Елбасы Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды, «ЭКСПО-2017» нысандарының бірінің базасында IT-старттаптар халықаралық технопаркін құру және тағы басқа тапсырмалар берді. Сол сияқты әр сала бойынша қадау-қадау міндеттер жүктелді.

Шағын және орта кәсіпкерлік салалары қанатын кенге жайды. Жолдау еліміздің беделін арттырып, жаңа ден беретініне кәміл сенеміз.

Н.СЕРДАЛПЕВ,
«DALATEX» ЖШС директоры.
Қызылорда қаласы.

БІЗДІҢ КҮШ – БІРЛІКТЕ

мәселелері мен даму бағыттарын айқындайтын негізгі тарихи құжат болып табылатындығында.

Тәуелсіздікке қол жеткізген жиырма бес жыл ішінде еліміз отаршылдық пен тоталитаризм салдарынан болған рухани күйзелісті еңсеріп қана қоймай, қалыптасудың жаңа кезеңіне қадам басты. Әлемдік жаһандандудың кәзіргі жағдайында ұлттық бірегейлік пен мәдени тұтастықты сақтап, жаңа серпіліс жасауымыз керек. Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы осы мәселелерге арналған.

Бұл жолғы Жолдауда экономиканы одан әрі әртараптандыруға, әлеуметтік сапа өркенін одан әрі көтеруге айрықша мән берілген. Сонымен қатар, еңбек нарығын жаңғырту, азаматтардың нақты табысын өсірудің қосымша мүмкіндіктерін қарастыру тапсырылды.

Жолдауда көрсетілген адами капитал сапасын жақсарту басымдығы – білім беру жүйесінің рөлі өзгерді. Оқыту бағдарламалары сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағытталды. Қазақ тілінің басымдығы сақталып, әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінді.

Қорыта келе, Елбасы биылғы Жолдауында алдағы атқарылатын жұмыстарды жік-жігімен талдап, нақты міндеттер жүктелді.

Қазақстанның үшінші жаңғыруы саяси конституциялық реформаның жалғасы болып табылады, елді демократияландырудың сенімді іргетасы, мемлекеттің, қоғамның, Қазақстанның көптің халқының жаһандық тарихи ауқымдағы экономикалық және саяси дамуын негіздеуге бағдар берді.

Ұлихан ИБРАЕВ,
«Қоғамдық келісім» КММ директоры.

ҰЛЫ МАҚСАТҚА ЖЕТУ ЖОЛЫНДА

Еліміз күннен күнге дамып, өзіміз ғана емес, әлемнің алпауыт елдері қызығарлықтай деңгейге жетіп, мықтылар қатарына қосылып отыр. Бұл – біздің дамуың дұрыс жолын таңдаумен қатар еліміздегі татулықты ту етуімізбен байланысты. Оның айқын дәлелі, ел тұрғындарының хал-ахуалының жақсаруы мен әлеуметтік-экономикалық өрісі.

Кәзіргі таңда Қазақстан дамуының жаңа сатыларын бағындыруда. Адам баласының ақыл ойының ұшырылғанымен барлық сала жаппай сандық жүйеге өтіп, жұмыс тиімділігін арттырып келеді. Елбасы Қазақстанды үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып, елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімінің жаңа моделін құру қажеттігін атап өтті. Бұл бізге, жастарға, қойылатын талаптың күшейтетінін, білімдердің асығы алышынан

түскен заманда бәсекеге қабілетті болу керектігімізді айқындайды. Осы тұста жастарға «Болашақ» бағдарламасымен білім алуға, кәсіптік білімді тегін оқытуға мүмкіндік жасалса, өңірлердегі соңғы технологиямен оқытылатын Назарбаев зияткерлік мектептерінің ашылуына үлкен мүмкіндік берді.

Менің замандастарым, осы мүмкіндіктерді пайдаланып елімізге қажетті мамандықтарды игеріп, тәуелсіз еліміздің шарықтан дамуына үлес қосып қажет. Осы ұлы мақсатқа жету жолында барлық замандастарымды жұлдыздықтай жұмылауға шақырамын.

Сәдірбек ЖҰМАБЕКОВ,
«Студенттік жастардың еңбек жасағандықтары облыстық штабы» ЖҚБ төрағасы.

● БРИФИНГ

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕ АМАЛЫ

Облыстық білім басқармасы жаратылыстану пәндерін жоғары сыныптарда ағылшын тілінде оқыту мәселесіне басқа қырынан келді. Ол үшін ерекше бағдарлама әзірледі. Жаңа үлгі бірінші болып 46 мектеп-лицейдің лицей сыныптарына қолданылса, кейін оған өзгелер ілеседі.

– Ол үшін аптасына қосымша 4 сағат оқу жүктемесін енгіздік. Ағылшын тілін аптасына 3 сағаттық үйірме есебінде қосымша үйрету, университет ғалымдарының дәрістерін ұйымдастыруға жылына 1500 сағат көлемінде оқу жүктемесін қарастырдық, – деді басқарма басшысы Бақытжан Сайлыбаев Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте.

KATEV халықаралық қоры мен облыс әкімі арасындағы меморандумға сәйкес, 2015-2016 оқу жылынан бастап М.Маметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде ағылшын тілін меңгерген физика, математика, информатика пәндерінің мұғалімдерін даярлау пилоттық жобасы біздің бірінші басталды. 150 студент бүгінде осы бағдарлама бойынша білім алууда. 2018-2019 оқу жылы 75 түлек мектеп-лицейлерде дәріс беретін болады. Ағылшын тілінде сабақ беруге қазақ-түрік лицейінің түлектері де тартылууда. Былтыр химия-биология мамандықтары бойынша оқу бітірген 2 түлек дарынды балаларға арналған №4 мектеп-интернатқа жұмысқа қабылданды. Физика-математика, жаратылыстану факультеттерінде оқытатын тағы 5 студентке жұмыс дайын.

– 46 инновациялық білім беру ұйымында шетелдік ерікті мамандарды тарту ісін бастап кеттік. Кәзіргі күні осындай 5 адам тәжірибелерімен бөлісуде, – деді Б.Сайлыбаев.

Брифингте салада атқарылған жұмыстар мен мақсат-міндеттер айтылды. Биыл «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Жаңақорған ауданының Төменарық, М.Нәлібаев ауылдарындағы, Қармақшы ауданының Жосалы кентіндегі апатты жағдайдағы 3 мектеп қайта салынады. Республикалық бюджет есебінен оқушы орнының тапшылығын жою мақсатында Арал, Жаңақорған және Қазалыда 4 мектептің құрылысы басталады. Әбден тозығы жеткен 12 мектеп мамыр айына дейін салынып бітпек. Осындай жағдайдағы мектепке дейінгі 9 білім беру мекемесін қайта салуға да бюджеттен қаражат бөлінді.

Өткен жылмен салыстырғанда мектепке дейінгі ұйымдар саны 143-ке артты. Балабақшалардың 70,8 пайыз – жекеменшік. Елбасы осы орайда Жолдауда кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті мектепке дейінгі білім беру ісіне тарту бағытында

Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Қызылорда облыстарының жетістіктерін үлгі етті. 2016 жылы 1-6 жас аралығындағы балалардың мектепке дейінгі ұйыммен қамтылу көрсеткіші алдыңғы жылғыдан 1,9 пайызға өссе, 3-6 жас аралығындағы балалар толық қамтылды. 1-3 жас аралығындағы балаларды бөбекжайлармен қамту республикада 16 пайызды құраса, Қызылорда облысында әзірге 5 пайызға жетер-жетпес.

«Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім» жобасына сәйкес, биыл 9 және 11-сыныпты бітіруші 6225 оқушыға жұмысшы мамандығын тегін алуға мүмкіндік туып отыр. Сонымен бірге, бұрын мектеп бітіріп, кәсіби білім ала алмаған, колледждер мен ЖОО-дан түрлі себеппен шығып қалған, жұмыссыз, өзін-өзі тіптіміз жұмыспен қамтыған 1335 жас қысқамерзімді кәсіби даярлау, қайта даярлау курстарынан өтеді.

– Жұмысшы мамандарын даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемі өткен жылмен салыстырғанда, екі есеге артып отыр. Бүгінгі күні мектеп бітірушілер және жұмыспен қамтылмаған жастарды есепке алу, олардың арасында кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілуде, – деді басқарма басшысы.

Өткен жылы 57 дарынды оқушы Ресей, Грузия, Саха елінде, Оңтүстік Кореяда өткен халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарында жүлделер атанды. Биылғы жыл да жетістіктермен басталды. Брифингке халықаралық олимпиадаларда елдің атын шығарып жүрген республикалық құрама команда мүшелері Қуаныш Анарбай, Әлі Тілек, Азамат Мұхтар қатысып, жетістіктері туралы айтып берді. Айта кетейік, ер балаларға арналған №9 қазақ-түрік лицейінің 11-сынып оқушысы Қ.Анарбай елдің басында О.Жәуітқов атындағы Халықаралық олимпиаданың қола жүлдегері атанған болатын.

Назерке САНИЯЗОВА.



ТАЛАПҚА СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІН ТАУАРЛАР ТАБЫЛДЫ

Өткен жылы орама қаптамадағы тауарларға мемлекеттік бақылау, тексеру жүргізілді. Нәтижесінде біріктар заңбұзушылық анықталды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы Ерқанат Кеулімжаев хабарлады.

– Сынаққа алынған тексерілген 48 тауардың сегізінде сәйкессіздіктер бар болып шықты. Олар «Балшық» қанты, «Алтын дән» жаймасы, «Бегемотик Бонди» бисквитті тәттісі, «Лия» манпары, «Бұлдірген» киесі, сәбізге арналған тұздықтар, «Sulu» сабыны, «Узор» сабыны. Осы аталған тауарлар қаптамада көрсетілген шамаға сәйкес келмейтін анықталды, – деді ол.

Айта кету керек, департаментпен өткен жылдың қорытындысы бойынша 51 іріктеу тексеру жүргізілді. Оның 36-да заң бұзушылықтар анықталды. Тексеру нәтижесімен 37 әкімшілік құқық бұзушылықтар

істері қаралып, 5260080 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды. Тексерулер қорытындысы бойынша қолдануға жарамсыз 395 дана өлшем құралдарын пайдалануға тыйым салу жөнінде 36 ұйғарым берілді.

Брифинг барысында Е.Кеулімжаев департаментке берілген мемлекеттік бақылау саласындағы қызметтер мемлекеттік метрологиялық бақылау жүргізу, мемлекеттік рөміздер лицензиялары жұмысын, тауарлардың шығу тегі сертификаттарын беру саласындағы қызметін, аккредиттелген сәйкестікті растау органдары, сынақ және салыстырмалы тексеру зертханалары мен қызметтерін бақылау бағытында жүргізетінін айтып өтті. Ал, 2017 жылдан «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Заңының қолданысқа енгізілуіне байланысты осы салаға қатысты мемлекеттік бақылау функциясы беріліп, жұмыстар атқарылатын болады.

Шынар БЕКБАН.
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ (сурет).

АЙМАҚ ДАМУЫНДА АЛҒА ЖЫЛЖУ БАР

Облыс экономикасы өткен жылы өсімге қол жеткізді. Сондықтан да, Сыр өңірі әлемдік экономикадағы келенсіз жағдайлар әсеріне қарсы күрес тетіктерін тиімді жүзеге асырған аймақтар қатарынан орын алып отыр. Бұл жағдайда кеңе облыстық коммуникациялар қызметінде айтылды. Біз енді БАҚ өкілдерімен кезекпен облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова, облыстық қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақиябаев, облыстық статистика департаментінің басшысы Мариям Баскеева ұсынған деректерді назарларыңызға ұсынамыз.

Сәуле Ибрагимқызының хабарлауынша, облыс Елбасы мен Үкіметтің тапсырмаларын уақытылы жүзеге асырған. Өткен жылы экономика салаларында 11206 жаңа жұмыс орны құрылған. Жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызды құрап, республикалық орташа көрсеткіштен төмендеген. Сондай-ақ, Мешін жылы шикізаттық емес секторда өндірілген өнім 2012 жылмен салыстырғанда 52 пайызға артады. Өткен жылы облыс бюджеті 238,1 млрд теңгені құрап, 2015 жылмен салыстырғанда 55,1 млрд теңгеге артады. Басқарма басшысы, сондай-ақ, шығыстардың жалпы көлемінің 56,4 пайызы әлеуметтік салаға бағытталғанын айтты.

Облыстық қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақиябаевтың мәліметінше, облыс бюджетінің шығындар жоспары өткен жылы 99,5 пайызға орындалған. Игерілмеген 1,2 млрд теңгенің 873 млн теңгесі үнемделген қаражат есебінде.

– Мүлікті және ақшаны жария ету жұмысы 2016 жылдың 31 желтоқсанында толық аяқталды. 1953 өтініш бойынша сомасы 15,1 млрд теңге болатын 2019 мүлік жария етілді. Сондай-ақ, екінші деңгейлі банктерде 241 шот ашылып, 10,1 млрд теңге жария етілді, – дейді Талғат Өмірзақұлы.

Облыстық статистика департаментінің басшысы Мариям Баскеева мәлімдеген өткен жылға тиесілі де-



ректурге назар салсақ, халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалы өскендігін аңғарамыз. Айталық, өткен жылы халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табысы 9,2 пайызға жоғарылаған. Жұмыссыздар қатары азайып, көрсеткіш 4,8 пайызды құраған. Аймақтағы демографиялық

ахуалда да оң динамика байқалады. Бүгінгі

УНИВЕРСИАДА КҮНДЕЛІГІ

ЕНШІМІЗДЕ –
27 МЕДАЛЬ

Бұйырған кетпейді. Алатау баурайында өтіп жатқан бүкіләлемдік доданың аралас командалық спринтерлік жарысында шаңғышылар шеберлік танытты. Осыған дейінгі сайыста классикалық стильде 5 шақырымдық қашықтыққа жүгірген спортшы Анна Шевченко екі мәрте қола медальға қол жеткізген болатын. Себебі, ресейлік шаңғышылар сол жолда Аннаның алдын кес-кестеп, алтын-күмісті қолдан бермеді. Ерлер арасындағы спринтерлік шаңғымен жүгіруде де Олжас Климин санаулы сантиметрге жетпей қалып, төртінші орынмен жарысты тәмамдады. Сондықтан болар, кезекті сайыста спортшылар қолда бар мүмкіндікті мейлінше пайдалануға тырысты. Нәтижесінде, жұптасып өнер көрсеткен екеу тоғызыншы ал-



тынды еншілеп, жаңкүйердің үмітін ақтады. Анна мен Олжастың жарыс қорытындысындағы көрсеткіші ең үздік саналғанын да айту керек. Ел қоржынына кезекті онының алтынды мәнерлеп сырғанау шебері, басты үміткер Денис Тен салды. 12 мыңға жуық көрерменді құшағына сыңғызыған Мұз сарайындағы сайысқа ол 24-ші болып шықты. Құлашын кенге жайған спортшы 4 минут ішінде ақ айдын үстінде мәнерлі сан түрін көрсетіп, шыр көбелек айналды. Көрерменін сүйсінтіп, төрешілердің әділ ұйғарымын алды. Осылайша, алдағы қысқа бағдарламамен екеуін қосқанда спортшы 266,97 балл жинап, алтыннан алқа тақты. Сәйкесінше, жапондық Кейдзи Танака күміспен күптелсе, швед Александр Майоров қоланы місе тұтты. Өкінішке қарай, қазақстандық тағы бір спортшы Абзал Рахымғалиев мәнерлеп сырғанаудың ақырғы қорытындысында 12-орынға табан тіреді. Көп күттірмей биатлоннан сәтті өнер көрсеткен отандастарымыз қоржынға күміс салды. Галина Вишневская, Дарья Усанова, Василий Подкорытов пен Антон Пантов аралас эстафетаның нәтижелі аяқтап, бір серпілді. Шорт-трекші Нұрберген Жұмағазиев та қоланы қанжығаға байлады.

Ал, кешегі шаңғышылардың командалық эстафетасынан күміс жүлде бұйырды. Құрамында Сергей Малышев, Виталий Пухало, Ринат Мухин және Олжас Климин бар команда ресейліктерге жол беріп, чехтардың алдын орады. Шорт-тректен де біздің құрама бір күміс, бір қола жүлдені алды. Қазақстан құрамасы байрақты бөсекенің 8 күнгі қорытындысы бойынша 27 жүлде еншіледі. Оның 10-ы алтын, алтауы күміс, тағы 11-і қола. Жалпы есепте әзірге Ресей көш бастап тұр.

Мәдірі ҚАЛЫМБЕТ.

Ұлттық Банктің 1000 теңгелік банкноттар туралы
АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2006 жылғы үлгідегі және 2014 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңінің **2017 жылғы 1 наурызға дейін** ұзартылғанын хабарлайды.

Аталған күнге дейін бұл банкноттар заңды төлем құралы болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдер және банк операциялары үшін қандайда болмасын шектеусіз пайдаланылады.

2006 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттарды Ұлттық Банктің барлық филиалдарында олардың айналыста болуының аяқталу күнін күтпей айырбастауға болады.



Одан кейін **12 ай ішінде** – 2017 жылғы 1 наурыз – 2018 жылғы 28 ақпан аралығын қоса алғанда – көрсетілген банкноттар кез келген **екінші деңгейдегі банкте** айырбасталады.

ҚР Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттар айырбастау үшін **2021 жылғы 28 ақпанға** дейін қабылданады. Ұлттық Банк филиалдары бұл банкноттарды комиссия алмай айырбастайды.

Бұл ретте Ұлттық Банк заңды төлем құралы болып табылатын номиналы 1000 теңгелік **ескерткіш банкноттардың айналыста екендігін** хабарлайды.

«Күзтегің» түркі жазба ескерткішіне арналған ескерткіш банкнот



Қазақстан Республикасының Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық етуіне арналған ескерткіш банкнот



Қазақстан Республикасының 2010 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік пен нығайтудың ұйымына төрағалық етуіне арналған ескерткіш банкнот



Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес **айналыстағы банкноттарды қабылдаудан бас тарту** шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – он, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жынырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкноттарды қабылдаудан, ұсқаудан және айырбастаудан **бас тартуы елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.**

Сұрақтар туындаған жағдайда Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасына +7 (727) 2788 058, 2619-234, 2704-585 телефондары бойынша және Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасына +7 (727) 2704-569 телефон бойынша хабарласуға болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қызылорда филиалы: +7 (724) 227-84-34, +7 (724) 227-04-78.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын сүбсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, суармалы су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидия алу үшін өтінімдерді қабылдау туралы хабарлайды.

1. Субсидия алуға өтінімдер ағымдағы жылдың 20-мамырынан басталады.

2. Субсидия алуға өтінімдер ауыл шаруашылығы басқармасына әр айдың 5-і мен 25-і аралығында жолданады. Өтінімдерге су берушілермен суармалы суды беру жөніндегі қызмет көрсету актісі қоса жалғанады.

3. Субсидия алуға өтінімдер ағымдағы жылдың 1 қарашасына дейін қабылданады.

4. Субсидия алуға өтінімдер 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 1, Облыстық мекемелер үйі, Ауыл шаруашылығы басқармасы, 2-қабат мекен-жайы бойынша қабылданады.

Байланыс телефондары: 60-54-42, факс: 60-54-42, n.zhumabekov@korda.gov.kz



БАҚҰЛ БОЛ, АСЫЛ АНА

Үстіміздегі жылдың 4 ақпанында әулетіміздің ақылшысы, балаларының ардақты анасы Жүнісова Қаншағұл 80 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Қаншағұл анамыз 1937 жылдың 7 тамызында Қармақшы ауданы, Тұрмағанбет ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітіріп, ауданның құрылыс мекемелерінде 1962 жылдан бастап отыз жылдан аса құрылысшы болып айырбасы еңбек етті. Жастарды еңбекке баулып, тәлімді тәрбиесін беріп, уақытпен санаспай, құрылыстың бел ортасында жүрді. Аудан көлеміндегі барлық құрылыс нысандарында Қаншағұл анамыздың қолтаңбасы бар. Ұзақ жыл атқарған еңбегі құрылысшысы атымен, бірнеше мақтау грамотасы және алғыс хаттармен марапатталып, «Қазақстан әйелдерінің II съезіне» делегат болып қатысқан.

Абыз анамыз халықтың құрметіне, елдің ықыласына, ағайын-туыстың алғысына бөленді. Өмірге 6 ұл-қыз әкеліп, бойындағы асыл қасиетін, текті тәрбиесін беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-шөбере сүйген ардақты жан еді. Шежіріс қамқорлығымен жүретімізге ұялаған анамыздың жарқын бейнесі көңілімізде сақталды.

Қош бол, ардақты ана. Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдас болсын.

Жүнісовтер әулеті және балалары.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы университеттің электр энергетикасы және өміртірішілік қауіпсіздігі кафедрасының оқу шебері Жүсіпов Жамалбек Жағпарұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЗАМАНАУИ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

Заманның талабына сай, технологияның қарқынды дамуының нәтижесінде қазір түрлі техникалық құрылғылар пайда болуда. Соның бірі – Indiegogo компаниясының маманы Эндрю Очоа ойлап тапқан Pilot деп аталатын құлаққап. Оның басты ерекшелігі, бір тілде айтылған мәтінді бір мезетте екінші тілге аударып береді. Мысалы, бір-бірінің тілін түсінбейтін екі адамды алайық. Екеуі де аталған құрылғыны құлағына тағады да, өз тілдерінде еркін сөйлей береді. Ал құрылғы олардың айтқан сөздерін бір-біріне аударып беріп отырады.

Бұған қоса, Finger Reader деп аталатын жүзік ойлап табылды. Оны саусағыңызға киіп, кез келген мәтінге жақындатсаңыз, сол мәтінді өзіне көшіріп алып, қажет болса, басқа тілге аударып, дауыстап оқып береді.

Кейде алыс сапарға шыққан кезде ұшақпен ұзақ уақыт ұшуға тура келеді. Бір орында отырғандықтан адам зерігеді. Сол себепті BOEING компаниясы едені мен төбесінде түнгі аспанды, жұлдыздарды, керемет пейзаждарды көрсетіп тұратын арнайы экраны бар ұшақтар шығаруды қолға алды.

Табағы түрлі-түсті болып жататын аяқ-киімдерді көрген боларсыз. Енді оған таңғалмайтын боларсыз. Себебі, жиішеке E-link дисплейі салынған Shift Wear аяқ-киімінің сыртқы суретін өзіңіздің қалауыңызша өзгертуге болады. Ол үшін ұялы телефонға арнайы бағдарлама жазылып, аяқ-киім арқылы байланысады. Осылайша аяқ-киімінің сыртына өзіңіз қалаған суретті қоюға мүмкіндік аласыз.

Ойғал «Samsung» компаниясы «Қауіпсіз жүк көлігі» атты жаңа технологияны жүзеге асыруда. Желі көліктер жүк көлігінің соңында келе жатса, оны басым озуға тырысады. Соның кесірінен көлік апаттары жиі орын алады. Мұндай жол-көлік апаттарының алдын алу үшін жүк көліктерінің артқы жағына қарма-қарсы келе жатқан көліктерді көрсетіп тұратын үлкен экран қойылды.

Швейцария ғалымдары сал ауруына шалдыққан адамдарға еркін қозғалуға мүмкіндік беретін жаңа құрылғы ойлап тауыпты. «Жұлын интерфейсі» деп аталатын құрылғы кішкене екі чиптен тұрады. Адамның



кез келген іс-қимылы жүйке импульсі арқылы жүзеге асады. Мәселен, адам орындықтан тұрығысы келсе, ми омыртқа бойындағы бұлжық еттерге жүйке тамырлары арқылы белгі береді. Ал сал ауруына шалдыққан адамның омыртқа бойындағы жүйке тамырлары зақымданған соң, қажетті белгіні миы бұлжық еттерге береді. Осы құрылғыдағы екі чиптің бірі мидың қозғалыс шешімдерін қабылдайтын бөлігіне қойылады, екіншісі омыртқаны зақымданған жеріне қойылады. Осылайша сал ауруына шалдыққан адамның жүйке жүйесінің қалыпты жұмыс жасауына көмектесетін көрінеді.

Бүгінде көп адамның бүкірпей жүретінін жиі байқауға болады. Осы мәселенің шешімін табу үшін бір топ дәрігерлер арнайы чип ойлап тапты. Яғни, кішкентай дөңгелек құрылғы адамның денесіне қойылады. Ол жүрген не отырған кезде бүкірпеле бастаса, «вибрация» арқылы адамға белгі береді.

Адам қиялынан туындаған ертегілердегі ұшатын кілемше қазір көзіміз үйренген ұшаққа айналғаны мәлім. Өлі халық назарына кеңінен ұсынылмаса да, болашағы зор технологиялар өте көп. Ең бастысы, талпыныс бар, бастама да жаман емес.

Әсел БЕГМАН,
ҚазМУ-дың 4-курс студенті.

ЕҢ ҮЗДІК ОҚЫРМАН

Қазалы қаласындағы №1 қалалық кітапхана-ауданының ұйымдастыруымен «Ең үздік оқырман» тақырыбында оқырман бенефисі өтті. Шараға мектеп мұғалімдері, кітапхана қызметкерлері, оқырмандар, студенттер мен оқушылар қатысты.

Мақсаты – ұлттық сана-сезімі жоғары, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, білімді адамдар ортасын қалыптастыру, өскелең ұрпақты кітап оқуға қалыптастыру, ең үздік оқырмандарды насихаттау.

Оған кітапханаарың тұрақты оқырманы Шәрбану Басқеева қатысып, өзі жасаған кітап көрмесімен таныстырды. Мұнан соң, «Кай жылдан бастап осы кі-

тапхананың оқырманысыз?», «Кітапханадан қай саланың кітаптарын алып тұрасыз?», «Іздеген кітаптарыңызды тауып жүрсіз бе?», «Менің ең сүйікті кітабым» деп қай кітапты айта аласыз?», «Сіздің кітап оқуыңызға, кітапқұмарлығыңызға ықпал еткен орта қандай?», «Мамандығыңызды ауыстырғын болсаңыз, кітапханашы болар ма едіңіз?» деген сұрақтар қойылып, оқушылар белсенді жауап берді.

Шара соңында тұрақты оқырмандар мен мектеп оқушылары алғыс хаттармен марапатталды.

Гүлнәр ШІРІМБЕТОВА,
№1 қалалық кітапхана меңгерушісі.

«Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі саласындағы өзгерістер

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 559 бұйрығымен бекітілген «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративтілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттары» 2017 жылдың 1 қантарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Жаңа қағидаларда шетелдік жұмыс күшін тартуға қатысты және ол елге жұмысқа орналасу үшін келетін шетелдіктер жұмыс берушілер тарапынан шетелдік жұмыс күшін тарту рәсімдері барынша ырықтандырылған.

Енді шетелдік жұмыс күшін тартуға квота экономикалық тұрғыдағы белсенді халық бойынша емес, салалар бойынша қалыптастырылады.

СКРИНИНГТІК
ТЕКСЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Скринингтік зерттеулер өткізудегі мақсат – ауруларды ерте кезеңде анықтау, белгілі бір ауру түрлеріне шалдығу қаупі бар тұрғындардың мақсатты топтарын тексеру, аурулар туындататын қауіп-қатер факторларын анықтау болып табылады.

Қазақстанда алғаш рет 2009 жылы скринингтің үш түрі: артериялық гипертония, сүт безі облысы және жатыр мойны облысы скринингі енгізілді. Қазір ол Ұлттық скринингтік бағдарламасы болып кеңейтіліп, 11 түрлі скрининг ел тұрғындарының 70 пайызын қамтиды. Оның ішінде 6 скрининг түрі қатерлі ісік ауруларын ерте диагностикалауға бағытталған.

2016 жылы облысымыз бойынша скринингтік тексеруден қатерлі ісік ауруларының ерте сатысында 144 адам анықталды. Оның ішінде 44 әйелден сүт безі қатерлі ісігі, 6 әйелден жатыр мойны қатерлі ісігі, 27 адамнан өңеш және асқазан қатерлі ісігі, 54 ер адамнан қуықасты безі қатерлі ісігі, 12 адамнан тік және тоқ ішек қатерлі ісігі анықталып, қазіргі таңда тиісті ем шараларын қабылдауда.

Қатерлі ісікпен алғашқы сатысында анықталған науқастардың сауығу мүмкіндігі жоғары. Осы тұста ұлттық скрининг бағдарламасының тиімділігі айқын көрінеді.

Қатерлі ісік ауруларының алдын алу мақсатында Дүниежүзілік бығра қарсы күрес күніне орай, облыс бойынша 2017 жылдың 1-10 ақпан аралығында дене белсенділігін арттыруға баға ден қоя отырып, «Біздің қолымыздан келеді! Менің қолымнан келеді!» ұранымен онкүндік жарияланды. Онкүндік барысында барлық емханаларда «Ашық есік күні» өткізілді. Осыған байланысты өз аймағындағы емхана мамандарынан кеңес алып, тегін тексеруден өтуіне мүмкіндігі мол.

Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы.

«БОЛАШАҚ» университеті

Ректор, проректор бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды.

Қойлатын талаптар – ғылыми дәрежесі мен атағының болуы.

Конкурстың қатысу туралы ұсынылатын қажетті құжаттардың тізбесі:

- 1) Конкурстың қатысу туралы өтініш;
- 2) Қарларды есепке алу жөніндегі жеке іс-парағы;
- 3) Еркін нысанда баяндалған өмірбаяны;
- 4) Білім туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) Еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 6) 3x4 көлемдегі суреті.

Конкурстың қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсібі деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты ұсына алады.

Лауазымдық айлық жалақысы:

РЕКТОР – 300 000 теңге.

ПРОРЕКТОР – 250 000 теңге.

Конкурстың қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсібі деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты ұсына алады. Лауазымдық айлық жалақысы: РЕКТОР – 300 000 теңге. ПРОРЕКТОР – 250 000 теңге. Конкурстың қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсібі деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты ұсына алады. Лауазымдық айлық жалақысы: РЕКТОР – 300 000 теңге. ПРОРЕКТОР – 250 000 теңге. Конкурстың қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсібі деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты ұсына алады. Лауазымдық айлық жалақысы: РЕКТОР – 300 000 теңге. ПРОРЕКТОР – 250 000 теңге.

Менің есім: Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі телефон

70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі

40-02-17

Бас редактордың орынбасары

Жұматәлі

70-00-43

Жұматәлі

70-00-81

бөлімдері

рузмет және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

өлеңмен және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

өлеңмен және саясат - 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұматәлі

Шығыс, Жаңақорған: Нұрмұқан Елтай - 8724 32 4 59-51

е-mail: syrboy@mail.ru

site: www.syrboy.kz

газеттің алғашқы 3 беті: сейсенбі, бейсенбі, сәтпей күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және қорғаныс қолма-қол ақшасы Тіркету күні №12993-7, 27.08.2012 ж.

«Сыр бойы» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009